



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

1 ТАМЫЗДАН БАСТАП ҚАЗАҚСТАНДА ҰЛТТЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ БАСТАЛАДЫ



2025 жылы тамыз айында Қазақстанда ауыл шаруашылығы санағы өтеді. Осыған орай Солтүстік Қазақстан облысында дайындық жұмыстары басталып кетті.

Санақтың басты мақсаты – агроөнеркәсіп кешенінің жай-күйін бағалау және сала бойынша өзекті статистикалық деректерді жинау. Санаққа заңды тұлғалар, шаруа және фермер қожалықтары, сондай-ақ үй шаруашылықтары қатысады. Бұл жолғы ерекшелік – санақ бір кезеңде өткізіліп, цифрлық формат кеңінен қолданылатын болады.

Солтүстік Қазақстанда ауыл шаруашылығы саласындағы санаққа дайындық осыдан 1,5 жыл бұрын басталып, арнайы комиссия құрылған.

Нақты санақ тамыздың бірінде басталып, 20-шы қазанға дейін созылатын болады. Ал маусым айында облыстағы Булаев, Мамлютка, Сергеевка және Тайынша қалаларында интервьюлер үй-жайларды алдын ала тексеріп, санаққа енетін шаруашылықтарды анықтайды.

«Тамыз айынан бастап sanaq.gov.kz сайтында онлайн сауалнама жүргізіледі. Сайт танысу үшін іске қосылған. Тұрғындар өздері санақ парақтарын толтыра алады. Сауалнаманы толтыру үшін ЭЦП, QR-код немесе СМС хабарлама арқылы тіркелу керек. Сұрақтары бар парақшаның кей жолдары толтырылған болуы мүмкін. Бұл мемлекеттік орган базаларында бар мәліметтер», - деді өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте СҚО статистика департаментінің басшысы Жорабек Дәуренов.

Егер тұрғындарда сұрақтар туындаса Sanaq-Muga виртуалды кеңесшіге сауалдарын жолдай алады. Сонымен қатар 1446 номері арқылы қоңырау шалуға болады. Ал үй-жайларды аралап, санақ жүргізу 20-шы қыркүйектен бастап, бір айға созылады.

«Санақты жүргізу үшін біз шамамен 180 адамды интервьюер ретінде тартатын боламыз. Оған қоса, 43 нұсқаушы болады. Олар жұмыссыздар, студенттер және иет білдірген жандар. Олар арнайы оқытудан өтеді», - деп нақтылады Жорабек Дәуренов.

Санаққа қатысу – міндетті. Ал одан бас тартқан жағдайда ҚР заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Статистикалық деректердің құпиялығы толық сақталады. Ауыл шаруашылығы санағы барысында өңірде 86 мың жеке және 6,4 мың шаруа қожалығын қамту жоспарланып отыр.

Өткен аптада аудан әкімі Рахат Смағұлов халықтың тұрақты кездесулер аясында Лебяжье ауылдық округіне қарасты Құралай ауылына жұмыс сапарымен барды.

Есепті кездесу барысында ауылдық округ әкімінің есебі тыңдалып, округтің даму міндеттері айқындалды.

Рахат Смағұлов ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына тоқталып, есепте кезеңде атқарылып жатқан жұмыстарды тілге тиек етті.

Содан соң, аудан басшысы ауыл тұрғындарымен ашық өңгіме өткізіп, өзекті мәселелерді талқылады.

Кездесу барысында ауылдықтар жекелеген учаскелерде көше жарығын жақсарту, балалар мен жастардың белсенді бос уақытына арналған үйірмелер мен спорт секцияларын ашу, спорттық инфрақұрылымның маңызды элементі ретінде футбол алаңын салу сияқты сұрақтар қойды.

Өз кезегінде атқарушы билік кездесуде көтерілген мәселелердің әрқайсысы бойынша жеке-жеке түсініктемелер беріп, нақты жауаптар айтты.

Сіздердің келелі мәселелеріңізді біз бақылауға аламыз. Бюджет қаражатына байланысты сұрақтарды рет-ретімен шешуге тырысамыз. Бүгінгі таңда «Лебяжье-Құралай» автомобиль жолын орташа жөндеу жұмыстары жүріп жатқанын көрдік. Аз уақыттан кейін енді ауылдықтар жаңа жолмен жүретін болады. Сол сияқты жыл сайын біз мемлекет қаражаты есебінен тұрғындардың өл-ауқатын жақсартуға бағытталған

ҚҰРАЛАЙ АУЫЛЫНА ЖАҢА ЖОЛ САЛЫНУДА



мұндай жұмыстардың іске асуына барынша атсалысатын боламыз. Бұл ретте, билікпен қатар, бизнес өкілдері, соның ішінде «BULAEVO ZHER» ЖШС

жергілікті тұрғындарды толғандыратын өзекті мәселелерін шешуге белсенді қатысатын болады, - деді Рахат Смағұлов.

ЖҰМЫС САПАРЫ

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

КАТЫСАДЫ:

- аудан әкімі • аудан прокуроры • полиция бөлімінің бастығы
- ТЖ бөлімінің бастығы • аудан әкімінің орынбасарлары
- барлық жергілікті атқарушы органдардың басшылары
- Булаев қаласының әкімі • Булаев Су • АЭЖ • Қазақтелеком.

5 МАУСЫМ

сағат 15.00-ден 18.00-ге дейін

СІЗДІ ҚЫЗЫҚТЫРАТЫН СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП АЛЫҢЫЗ!



АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ

Құрметті аудан тұрғындары!

2025 жылдың 5 маусымында сағат 15:00-ден 18:00-ге дейін Булаев қаласындағы аудандық Мәдениет үйінде аудан әкімі Рахат Смағұловтың бастамасымен және халықтың әлеуметтік желілердегі белсенділігінің жоғары болуына байланысты ұйымдастырылған Ашық есік күні өтеді.

Барлық иет білдірушілерді ашық диалогқа қатысуға, толғандыратын мәселелерді талқылауға және қаланы дамыту бойынша ұсыныстар енгізуге шақырамыз.

Сіздердің пікірлеріңіз маңызды!

БАСПАСӨЗ - 2025

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

Құрметті «Мағжан жұлдызы» газетінің оқырмандары!

Сіздерге 2025 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу науқанын жүріп жатқанын хабарлаймыз.

Газетке аудандық пошта және газет редакциясында жазылуға болатынын еске саламыз.

Газетке жарты жылға жазылу бағасы - 990 теңге.

Анықтама телефоны:
пошта - 2-17-80, редакция - 2-21-35.



Мағжан Жұмабаев ауданы Лебяжье ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат

ЕЛЕНА АНАТОЛЬЕВНА УМОВИСТ
ӨМІРБАЯНЫ

1975 жылы 15 қаңтарда Солтүстік Қазақстан облысы Вовзвешен ауданы Булаевский ауылында дүниеге келген.

Білімі - жоғары, 2008 жылы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін есеп және аудит мамандығы бойынша, сондай-ақ бухгалтерлік есеп мамандығы бойынша 1993 жылы Петропавл есеп-экономикалық техникумын бітірген.

Мемлекеттік қызметтегі жұмыс өтілі 30 жылдан асқан.

1993 жылдан 2008 жылға дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік

бағдарламалар бөлімі» ММ бас маманы болып жұмыс істеген.

2008 жылдан 2010 жылға дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша салық басқармасы» РММ бас маманы лауазымын атқарған.

2010 жылдан 2011 жылға дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Чистов ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ бас маман бухгалтер-салық қызметкері болып қызмет еткен.

2011 жылдан 2021 жылға дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік

кірістер басқармасы» РММ құқықтық жұмыс және өндіріс алу бөлімінің бас маманы, кейін басшысы болып еңбек еткен.

2021 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ басшысының орынбасары лауазымын атқарады.

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Лебяжье ауылдық округі әкіміне өзін-өзі кандидат ретінде ұсынып отыр.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Лебяжье аудылдық округінің әкіміне кандидат ретінде өзін-өзі ұсыну жолымен әрекет ету туралы шешім қабылдай отырып, мен ауылда бар әлеуметтік мәселелерді шешу үшін бар күш-жігерімді жұмсауға және мемлекеттік қызметте болған кезеңде жинақталған барлық дағдыларым мен білімдерімді жұмысқа қолдануға ниеттенмін.

Мен Лебяжье ауылдық округінің әкімі лауазымына сайланған жағдайда, ауылдың әлеуметтік – экономикалық, қоғамдық –

саяси өміріне белсенді қатыса отырып, қолданыстағы заңнама шеңберінде және өз өкілеттігім шегінде ауылдық округтің бар проблемаларын шешу үшін бар күшжігерімді саламын. Менің жұмысым округтің әлеуметтік – экономикалық дамуына, округтің мәдениеті мен дәстүрлерін дамытуға, ұлтаралық келісімді нығайтуға және округтің әлеуметтік мәселелерін шешуге ықпал ететін шараларды іске асыруға бағытталатын болады:

– мемлекеттік бағдарламаларды іске

асыру шеңберінде азаматтарды жұмысқа орналастыруға және оқытуға жәрдемдесу. Жаңа жұмыс орындарын құру.

– ауылдық округті аббатандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалау жұмыстарын жандандыру, жолдарды жондеу;

– аз қамтылған және қарт азаматтарды, көп балалы отбасыларды және мүгедектігі бар адамдарды қолдау;

– адамгершілік пен салауатты өмір салтын насихаттау бойынша жұмысты

күшейту;

– ауылдық округ тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту, өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру.

Егер мені сайлаушылар қолдап, әкім болып сайлансам, сайлау алдындағы бағдарламаны жүзеге асыруға міндеттенмін.

Округ азаматтарының белсенділігі арқасында біз тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға күшімді салуға дайынмын.

Бағдарлама жергілікті бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

Мағжан Жұмабаев ауданы Мағжан ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат

ТИЩЕНКО НАТАЛЬЯ ЮРЬЕВНА
ӨМІРБАЯНЫ

1993 жылы 26 қарашада Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Майбалық ауылында дүниеге келген.

Білімі - жоғары, 2005 жылы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін экономика және бизнес мамандығы бойынша бітірген.

Еңбекжолын 2013 жылы «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ жастар практикасы бойынша қаржы жұмысы бойынша экономикалық бағдарламаларды іске асыруға бағытталатын болады:

мист болып бастаған.

2014 жылдан 2019 жылға дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолалары бөлімі» КММ бас маман-бухгалтері лауазымын атқарған.

2019 жылдан 2020 жылға дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолалары бөлімі» КММ бас маман-бухгалтері лауазымын атқарған.

томобиль жолдары бөлімі» КММ қаржы-шаруашылық қызметін жүргізу секторының меңгерушісі болып еңбек еткен.

2020 жылдың 3 қыркүйегінен бастап қазіргі уақытқа дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөлімі» КММ басшысының орынбасары болып жұмыс істейді.

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Мағжан ауылдық округі әкіміне өзін-өзі кандидат ретінде ұсынып отыр.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мағжан ауылдық округінің әкіміне кандидат ретінде берген шешімімнің себебі, осы жұмысты атқарғанда, көпбалшылық дағдыларымды және өмірлік тәжірибемді азаматтардың өмірлік сапасын арттыруға, әлеуметтік-экономикалық тапсырмаларды орындауға жұмсағым келеді.

Егер мені Мағжан ауылдық округінің тұрғындары әкім етіп сайласа, қызметімді келесі мақсаттар бағыттағым:

– ауылшілік жолдары жөндеу мен қиыршықтас төсеу, жолдарды тегістеу мен қысқы уақытта күтіп ұстау;

– округтегі елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту;

– зейнеткерлерді, мүгедектерді, көп балалы және аз қамтылған азаматтар мен отбасыларға арналған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру;

– жаңа жұмыс орындарын ашу және жұмыссыздықты азайту бойынша әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру;

– ауылдарды абаттандыру, көшелерді жарықпен қамтамасыз ету бойынша бағдарламаларды іске асыру;

– мұқтаж адамдарға демеушілік

көрсететін азаматтармен жұмысты ұйымдастыру;

– ауылдықтар үшін жан-жақты мәдени даму жағдайларын жасау.

– мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жастарды, жұмыссыз азаматтарды кәсіби оқытудан және қайта даярлаудан өтуге жәрдемдесу;

– іскер жастардың әлеуметтік-бұқаралық бағыттағы бастамаларын қолдау;

– округ тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға жан-жақты аталысу;

– әлеуметтік маңызы бар объектілердің

тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Мен мемлекетіміздің Конституциясы мен заңдарын басшылыққа ала отырып, округ халқының игілігі үшін қызмет ететін боламын.

Сондықтан, сайлау күні сайлау уақытына келіп, маған дауыс беруге шақырамын.

Сіздердің маған берген дауыстарыңыз – балаларымыздың, жастарымыздың, ата-аналарымыздың бақытты да баянды өмір сүруіне қосқан үлестеріңіз болып табылады!

Бағдарлама жергілікті бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

Мағжан Жұмабаев ауданы Мағжан ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат

ЗИБЕРТ ЮЛИЯ АЛЕКСАНДРОВНА
ӨМІРБАЯНЫ

1980 жылы 30 қазанда Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Чистовское ауылында дүниеге келген.

Білімім - жоғары, 2005 жылы Орталық Азия университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2001 жылдан 2005 жылға дейін Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылында «Қара-гунинское» ФШҚ заңгер болып бастаған.

2005 жылдан 2006 жылға дейін Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округі әкімі аппаратында

да еңбек, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар жөніндегі маманы болып істеген.

2006 жылдан 2007 жылға дейін «Мағжан Жұмабаев ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ бухгалтерлік есепті жүргізу жөніндегі жетекші маман лауазымын атқарған.

2007 жылдан 2016 жылға дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ бас маман-хатшысы болып қызмет еткен.

2016 жылдан 2020 жылға дейін «Солтүстік

Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ бас маман-хатшысы болған.

2020 жылдан осы уақытқа дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округі әкімшілігінің аппараты» КММ жалпы мәселелер жөніндегі бас маман

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Мағжан ауылдық округі әкіміне өзін-өзі кандидат ретінде ұсынып отыр.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Егер мені Мағжан ауылдық округінің тұрғындары әкім етіп сайласа, ауылдық округтің әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесімді қосқым келеді. Ол үшін менің бірнеше жыл жинақтаған тәжірибем мен алған білім бар деп ойлаймын.

Егер мені сайлауда қолдаса, келесі мақсаттарға жұмысымды бағыттағым:

– мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға, көп балалы және аз қамтылған азаматтарға арналған әлеуметтік бағдарламаларды

іске асыру;

– жаңа жұмыс орындарын ашу және жұмыссыздықты азайту бойынша әлеуметтік жобаларды іске асыру;

– ауылдарды абаттандыру, көшелерді жарықтандырумен қамтамасыз ету;

– мұқтаж адамдарға демеушілік көрсететін азаматтармен жұмыс

ұйымдастыру;

– ауылдықтардың жан-жақтан мәдени дамуға жағдай жасау;

– ескелең ұрпақты салауатты өмір

салтын ұстануға баулу;

– ауыл тұрғындарының бос уақытын тиімді әрі пайдалы ұйымдастыру;

– жұмыссыздарды мансап орталығы арқылы оқудан және қайта даярлаудан өткізіп, тұрақты жұмыспен қамтуға атсалысу;

– азаматтарды өз ісін ашуға тарту, кәсіпкерлердің бастамаларын қолдау;

– округ аумағында орналасқан елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту;

– ауылдықтардың лайықты өмір

сүруіне барлық жағдай жасау.

Бірақ атқарылған жұмыстарға қарамастан, ауылдық округ тұрғындарының өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін шешімін таппаған мәселелер бар. Ауылшілік жолдарды жөндеу, тұрғындардың демалысын ұйымдастыру бүгінгі таңда жақын арада шешімін күткен өзекті мәселелердің қатарында.

Жиналған мәселелерді шешу үшін Сіздерден сайлауда зор қолдау күтемін!

Бағдарлама жергілікті бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

Мағжан Жұмабаев ауданы Мағжан ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат

БОТАБЕКОВА БАЯН ЖАЙДАРХАНҚЫЗЫ ӨМІРБАЯНЫ

1977 жылы 23 шілдеде Өзбекстанның Жизақ облысы Үш қаһраман кеңшарында дүниеге келген.
Ұлты - қазақ. Қазақстан Республикасының азаматы.

1985 жылдан 1995 жылға дейін Қ. Түгелбаев атындағы №17 орта мектебінде білім алған.

1998 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Жетісай қаласындағы Ш. Қалдаяқов атындағы өнер колледжін бітірген. 2011

жылы - Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің «Музыкалық білім» мамандығы бойынша және 2019 жылы - Манаш Қозыбаев атындағы СҚМУ «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша тәмамдаған.

1998-2002 жылдар аралығында Мырзачул облысы, Гагарин атындағы орта мектепте музыка пәнінің мұғалімі болған.
2005-2008 жылдар Солтүстік Қазақстан

облысы Есіл ауданы Мәдениет үйінде «Есіл әуендері» халық аспаптар ансамблінің жетекшісі қызметін атқарған.

2008 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Сарытомар ауылдық Мәдениет үйінің директоры болып еңбек етіп келеді.

2013 жылы көпбалалы ана ретінде Қазақстан Республикасы Президентінің «Күміс алқа» алқасымен марапатталған.



САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Ауылдық округ әкімінің сайлауына қатысуға шешім қабылдап, мен ауылдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге бар күшімді саламын.

Мен Мағжан ауылдық округі тұрғындарының тағдырына бей-жай қараймын.

Өйткені мен 2008 жылдан бері осы округте тұрып, еңбек етіп келемін.

Сол себепті халықтың мұқтажын жақсы білемін және ауылдың болашағына сенемін.

Біздің Мағжан ауылдық округіне екі елді мекен кіреді – Жастар мен Сарытомар ауылдары.

Негізгі сала – егін және мал шаруашылығы.

Алайда, күрделі мәселелер де бар: жол, су, жұмыссыздық, жастардың көшуі, интернет.

Қызметімдегі негізгі мақсатым:

- Жұмыс орындарын ашу үшін инвестиция тарту;
- Ауылдардың аумағын абаттандыру,

жарықтандыру және көгалдандыру жұмыстарын белсенді жүргізу;

- Жолдарды жөндеуге және таза ауыз-суды жақсартуға атсалысу;

- Жастардың бастамаларын қолдау, ауылдағы мәдени өмірді одан әрі дамыту;

- Цифрландыруды пайдалану, интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Мен әрқашан да ашықпын және Сіздермен бірге округімізді жайлы, қауіпсіз әрі болашағы бар елді мекенге

айналдыруға дайынмын!

Мені алдағы жылдарға әкім етіп сайласаңыздар, ауылдық округ тұрғындарының өмірін жақсартуға, әлауқатын арттыруға және жалпы округті дамытуға бар күш-жігерімді, білімімді, тәжірибемді саламын.

Сайлауда Сіздерден қолдау күтемін, құрметті жерлестерім!

Сайлауға келіңіздер, маған дауыс беріңіздер!

Бағдарлама жергілікті бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

Мағжан Жұмабаев ауданы Таман ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат

КУЧЕРЯВАЯ НАТАЛЬЯ СЕРГЕЕВНА ӨМІРБАЯНЫ

1972 жылы 17 тамызда Қарағанды облысы Нура ауданы Пржевальское ауылында дүниеге келген.

Білімі - жоғары, 2008 жылы Қорған мемлекеттік университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын өндірістік оқытудың шебері болып бастаған.
Әр жылдары Солтүстік Қазақстан облысы

бойынша жылжымайтын мүлік орталығының Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша маманы лауазымында еңбек еткен.

2012-2019 жылдары аралығында «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөлімі» КММ бас маманы болып жұмыс істеген.

2019 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан

Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің экономика секторының меңгерушісі болып қызмет атқарады.

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Таман ауылдық округі әкіміне өзін-өзі кандидат ретінде ұсынып отыр.



САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Ауданның өмір сүру сапасын арттыру мақсатында бірлесе жұмыс жасау мақсатында Таман ауылдық округі әкіміне кандидат ретінде қатысуға шешім қабылдадым. Менің бағдарламам ашықтық, қолжетімділік және қоғамдастықтың дамуына азаматтардың белсенді қатысуы қағидаттарына негізделген.

Жылдан жылға ерекше назар аударуды қажет ететін мәселелер туындайды. Бұл біздің өміріміздің үздіксіз процесі. Ал басымың мәселені шешуге қаншалықты адалдықпен қарайтыны ауылдық округ әкімінің жұмысын жақсы сипаттайды.

Таман ауылдық округі әкіміне кандидат ретінде айтарым, сайлауда жеңіске жет-

кен жағдайда ауданның дамуына, ауыл тұрғындарының әлеуметтік әл-ауқатының деңгейін арттыруға, аудан тұрғындарын көптен бері мазалап жүрген көптеген мәселелерді шешуге өз үлесімді қосқым келеді.

Менің сайлауалды бағдарламамда үздіксіз жұмыс атқарылуы тиіс негізгі бағыттар бар. Атап айтқанда:

- Зейнеткерлерге, мүгедектерге және аз қамтылған отбасыларға, жалғыз тұратын зейнеткерлерге көмек көрсету, олардың әлеуметтік төлемдерінің орындалуын, олардың заңды құқықтары мен кепілдіктерінің сақталуын қамтамасыз ету.
- Әкімшілік ғимараттар мен үй-жайларды абаттандыру, жөндеу, көшелер мен саябақ

аумақтарын абаттандыру, ауылдарды санитарлық тазалау жұмыстарын жүргізу.

- Округ тұрғындарының босауықын және спорттық іс-шараларын ұйымдастыру, спорттық және балалар ойын алаңдарын ұйымдастыру.

- Ауылдың инфрақұрылымын дамыту, ауылшілік жолдарды жөндеу;
- Тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету.

- Ұялы байланыс және интернет мәселелеріне назар аудару.

- Ауылдық жерлерде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу, жаңа бастаған және жұмыс істеп жатқан кәсіпкерлерге қолдау көрсету, жаңа жұмыс орындарын ұйымдастыру.

- Өскекең ұрпақтың ауылдарда жұмыс істеуі үшін тартымды жағдай жасау.

Бүгінгі таңда Таман ауылдық округіне қарасты ауылдарда тиісті кеңіп бөлуі қажет ететін бірқатар шешімін таппаған мәселелер бар деп есептеймін.

Менің жұмысымдағы басымдық – ауылдық округтің тыныс-тіршілігіне қатысты азаматтардың өтініштері мен пікірлері.

Сондықтан Сіздердің қолдауларыңызбен, белсенді өмірлік ұстанымдарыңызбен және туған жерге деген қамқорлығыңызбен бірге біз көп нәрсеге қол жеткізе аламыз.

Бағдарлама жергілікті бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

АСТАНА МЕН МАСҚАТ ҚОСАРЛАНҒАН САЛЫҚТАН САҚТАНДЫРАТЫН КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

Астана халықаралық форумы аясында Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Мәди Такиев Оман Сұлтандығының Қаржы министрі Сұлтан бен Сәлім әл-Хабсмен кездесті.

Оның барысында тараптар сауда-экономикалық, инвестициялық және көлік-транзит саласындағы ынтымақтастықты одан әрі кеңейту мәселелерін талқылады, сонымен бірге мемлекеттік қаржыны басқару бағытындағы ведомстволық қатынастарды дамыту мен екіжақты өріптестік шеңберіндегі басқа да мәселелер туралы пікір алысты.

Мәди Төкешұлының айтуынша, Қазақстан Оман Сұлтандығымен өзара іс-қимылдың стратегиялық сипатын жоғары бағалайды және тиімді қарым-қатынасты одан әрі нығайтуға дайын.

Кездесудің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Оман Сұлтандығының Үкіметі арасындағы дағды пен капиталға салына-тын салыққа байланысты қосарланған салықтан сақтандыратын, сондай-ақ салықтан жалтауға жол бермеу туралы келісім мен осыған қатысты хаттамаға қол қойылды.

Аталған келісім салық ісінде заңнамалық негізді қалыптастыруға септесіп, кірістерге байланысты қосарланған салықтың алдын алып, осы арқылы екі мемлекеттің арасындағы тығыз экономикалық байланысты арттыруға жол ашды.

Мемлекеттік кірістер комитеті.



Әр адам кез-келген жаста үлкен қуанышпен және үмітпен алдағы демалысты саябақта немесе жеке учаскелерінде өткізуге, демалыс және мереке күндерін табиғатта демалуға арнайды. Жазғы маусым басталуымен бірге құрғақ шөптің және қоқыстардың бақылаусыз жаныуына байланысты өрттер шығуы жиілей түседі. Бұл жыл сайын қайталанатын жағдай. От жағу, қалдықтар мен ыдыстарды жағу ғимараттар мен құрылыстардан 50 метрден кем емес қашықтықта жүзеге асырылуы тиіс. Ал желді ауа райында от жағуға мүлдем жол берілмейді.

Елді мекендер мен ұйымдардың аумағында жанғыш қалдықтардың үйінділерін жасауға тыйым салына-ды, олар уақтылы шығарылып оты-рылуы тиіс.

ӨРТ ҚАУІПТІ КЕЗЕҢДЕ АБАЙ БОЛЫҢЫЗДАР!

Саяжай маусымымен қатар, біздің ауданымыздың тұрғындары табиғатқа шығып, көуаптарды қуығар кезде серуендеуге жиі шыға басталады. Сондықтан табиғатта болған кезде өте мұқият болып, төмендегі ережелерді сақтау керек:

- сөндірілмеген темекі тұқылдарын лақтырмау;

- сіріңкелерді тастамау;

- сөндірілмеген отты байқаусыз қалдырмау;

- сыңған шыныларды лақтырмау.

От жағу - ені кемінде төрт метр минералданған жолақпен көмкерілген алаңдарда жүзеге асырылады. Серуендеу аяқталған соң, отты жермен мұқият себілеу керек немесе от сөнгенше дейін су құю қажет.

Өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін сақтауды сұраймыз:

- Құрғақ, ыстық және желді ауа райы жағдайында от жағуға, өрт қауіпті жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

- Көшеде лақтырылған бөтелкелерді линзаға айналған және күн сәулелерін шоғырланған шөптер өздігінен жанғанша қараусыз қал-

дырмау.

- Желіге қосылған электр тұрмыстық құралдарды, жанып жатқан газ плиталарын қараусыз қалдырмаңыз және оларды қадағалауды кішкентай балаларға тапсырмаңыз. Балалардың отпен ойнауының алдын алыңыздар.

- Желіге қосылған тұрмыстық электр аспаптарын, жанып жатқан газ плиталарын қараусыз қалдырмаңыз және оларды бақылауды жас балаларға тапсырмаңыз. Балалардың отпен ойнауын қатаң түрде тоқтатыңыз.

Рұқсат етілмеген жағу, от жағу және өрт қауіпсіздігі ережелері бузылған құрғақ шөптің қалдырылуы жаныу үшін өкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

- ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 336 бабы бойынша - қалдықтарды жинау немесе жағу кезінде атмосфералық ауаны қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтамау 20 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

ТЖБ ХАБАРЛАЙДЫ!

БАР ЖАҚСЫЛЫҚ - БАЛАЛАРҒА!



Еліміздің жас бүрші өскілерінің балалық шағы бақытты өтіп, дені сау, жан-жақты азамат болып өсуіне жағдай жасау – стратегиялық маңызы бар міндет. Бұл – Қазақстанның жарықын босшақтығын келті. «Қазақстан балалары» бағдарламасын жүзеге асыру аясында Халықаралық балаларды қорғау күніне сый, Мағжан Жұмабаев ауданындағы қиын өмірлік жағдайдағы балаларды қолдау орталығында үлкен мерекелік іс-шара өтті.

Осындай тамаша күні орталықтың құрметті қонақтары қатарында шекарашылар да болды. Мерекеге сый-сияпаттарын ала келген шекарашылар мұғалімдер мен тәрбиеленушілер дайындаған концерттік бағдарламаны тамашалады.

Бұл күні орталықта алғашқы түлектерімен қоштасу рәсімі мен орталықтың 60-жылдық мерейтойын аталып өтті. Маңызды оқиға аясында қонақтар педагогикалық ұжымымен және балалармен бірге орталықтың қалыптасу және даму тарихын еске алды.

Көп жылғы және жемісті еңбегі үшін қызметкерлер мен педагогтарға, мерекені ұйымдастыруға көмектескені үшін барлық демеушілерге Алғыс хаттар табыс етілді.

Концерттік бағдарламадан кейін мереке көшеде жалғасып, онда балаларға арналған баллұздаққа және басқа да тәттілерге толы мерекелік дастархандар жайылды.

Әділхан БАУЫРЖАН,
«Батыр Баян» шекара заставасы
бастығының орынбасары,
лейтенант.

КӨҢІЛДЕН ШЫҚҚАН СИҚЫРЛЫ МЕРЕКЕ

1 маусым - Балаларды қорғау күні мерекесі - балалар үшін ерекше сәт. Сол себепті, Қазақ елінің балдан жәйімі бүлдіршіндері үшін естен кетпес мереке сыйлау – баршамыздың ортақ міндетіміз екені сөзсіз. Осыған орай, Булаев қаласында «Достық» саябағында балғындар асыға күтетінін мерекеге байланысты кең ауқымды мерекелік бағдарлама ұйымдастырылды.



БАЛА ДЕГЕН БІР БАҚЫТ



Мәселен, «Алтын Урақ» орталығы мерекелік концерттік бағдарлама дайындап, онда балалар өздерінің жан-жақты талант иелері екендіктерін паш етті. Жас дарындар айтыса әндер шырқап, би билеп, кезек-кезек өлеңдер айтты. Өз кезегінде балалардың еңбегіне риза болған көрермендер қошемет көрсетіп, таңданыстарын жасырмады.

Күні бойы жұмыс істеген «Ғажайыптар еліне» аниматорлар агенттігі де балаларды интерактивті ойындарға, байқауларға белсене тартып, сүйікті ертегілер мен мультфильмдердің кейіпкерлерімен бірге көңіл көтерді. Сонымен бірге, мерекеде кішкентай балғындар үшін велосипед жарысы өткізіліп, олар жарыс рухын, достары мен ата-аналарының қолдауын ерекше сезінді.

Қылқаламды қолына алған жас суретшілер ашық аспан астындағы мольбертте сурет салып, әркім өз қиялын бояумен көрсетуге тырысып бақты.

Сонымен бірге, бұл күні аквагрим аймағы жұмыс істеп, онда шеберлер балалардың беттеріне қобелек, жолбарыс, супер қаһармандар сияқты ертегі кейіпкерлерін салып беріп жатты.

Ал Фурманов орта мектебінің жаттықтырушылары мен оқушыларының күшімен ұйымдастырылған аспалы арқан жолы мерекені қыздыра түскені анық. Ойкені балалар ептілік пен батылдықты талап ететін сайысқа құлшына қатысты.

Бір сөзбен айтқанда, саябақтың кез келген аймағында балалар үшін сиқырлы

Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында аудан әкімі Рахат Смаулов, «СК Агро 2030» ЖШС басшысы Николай Кляймен және «Қызылжар МТС АГРО» ЖШС басшысы Нәби Қабиевпен бірге Полудино ауылына барып, Мағжан Жұмабаев ауданындағы қиын өмірлік жағдайдағы балаларды қолдау орталығында болып қайтты.

Құрметті меймандар орталық ұжымымен кездесіп, балаларды келе жатқан мерекемен құттықтады.

- Бала – біздің болашағымыз, еліміздің ертеңі. Дүниеде баладан асыл, сәбидің күлкісінен қымбат қазына жоқ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев балаларға жағдай жасау, олардың алаңсыз, сапалы білім алуын тұрақты бақылауда ұстап келеді.

Біздің ауданда да балалардың жан-жақты дамуына, өл-ауқатын арттыруға бағытталған нақты жұмыстар жүргізілуде. Мектептер мен балабақшалар жөндеуден өтіп, білім ошақтары заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуде.

Барша бүлдіршінге шуақты жаз айымен қатар келген мерекеде шаттыққа толы балалық шақ пен бақытты ғұмыр тілеймін, - деді Рахат Назымбекұлы барша қонақтар атынан.

Айта кетейік, бұл күні жаны жомарт азаматтар балаларға жаңа велосипедтер тарту етіп, естен кетпес қуаныш сыйлады.



ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛЫП, ТАҒЫМ ЕТТІ

31 мамыр күні аудан тұрғындары Мағжан Жұмабаевтың ескерткішінің алдына жиналып, елі үшін жанын пидә еткен жерлесіне тағым етеді. Биыл да аудан халқы жерлес ақынмен қатар, барша саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу үшін ескерткіш алдында бас қосты.

XX ғасырдың ең қасіретті беттерінің бірі – жазықсыз жапа шеккен миллиондаған адамдардың тағдыры. Бұл күн – тарихтың ащы сабағы.

Осыған орай, Мағжан Жұмабаев ескерткішінің алдына жиналған қауым қайғылы күндердің құрбандарына тағым етіп, бір сәт үнсіздікпен еске алды.

Іс-шарада аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықовқа сөз беріліп, ол 1932-33 жылдары миллиондаған қазақстандық ашаршылық құрбаны болған.

- 1921-1954 жылдар аралығындағы кезеңде «халық жауларын» анықтау саясаты салдарынан Қазақстанда 100 мың адам сотталған, оның 25 мыңы ең жоғары жазалау шарасы - ату жазасына кесілген. Оның ішінде республика басшылығының барлығы дерлік – 650 адам атылған.

Республика аумағында ГУЛАГ құрылымының ең ірі лагерлері - АЛЖИР, Степлаг, Карлаг болған. Қуғын-сүргін жылдары Қазақстан лагерлеріне 5 миллионнан аса адам жер аударылған. Кейбір мәліметтер бойынша, тұтқындардың жалпы саны бұл саннан едәуір көп.

1930-1940 жылдары Қазақстан миллиондаған кеңес азаматы үшін депортация аймағы болған. 1937 жылғы күзде республикаға жүздеген мың көріс, күрді, иран, күрді, әзербайжан секілді ұлттар қоныс аударған. Сондай-ақ,



Ұлы Отан соғысы жылдарында елге немістер, гректер, шешендер, ингуштар, қарашайлар, балқарлар, қырым татарлары және басқа да халықтар жер аударылған. Олардың саны - шамамен 1 миллион 200 мың.

Аудан бойынша қуғын-сүргінге ұшыраған және кейін ақталған - 794 адам болған. Біздің ауданнан саяси қуғын-сүргін құрбандарының бірі - ұлы

ақын Мағжан Жұмабаев еді. Оның тағдыры өте қайғылы болды. Бірақ ол соңғы демі қалғанша, елінің азаттығын, жарқын болашағын, жастардың бірлігін жырлап өтті. Сол себепті, біз оның асыл мұрасын сақтап, есімі мен еңбектерін кеңінен насихаттап келеміз.

Қадірлі мағжандықтар!
Туған елі үшін қаза тапқан әрбір саяси қуғын-сүргін және ашаршылық

құрбандарын еске алып, үнемі есте сақтау Тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматының қасиетті парызы деп есептеймін, - деді Оралбай Шәріпұлы.

Одан әрі мағжандықтар ақын ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, аудандық кітапхана ұйымдастырған кітап көрмесін тамашалады.

4 МАУСЫМ - ҚР МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ КҮНІ

ЕЛДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ: ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ КӨРІНІСІ

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заңға сәйкес Қазақстан Республикасында жыл сайын 4 маусымда Мемлекеттік рәміздер күні атап өтіледі. Мемлекеттік рәміздер - бұл кез-келген мемлекеттің өзіндік ерекшелігі мен егемендігін білдіретін ажырамас атрибуттарының бірі. Қазақстан Республикасында Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба және Мемлекеттік Әнұран Мемлекеттік рәміздер болып табылады.

Тәуелсіз Қазақстанның Мемлекеттік Туы 1992 жылы ресми түрде қабылданды. Оның авторы Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, суретші Шөкен Ниязбеков. Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы - ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес. Тудың ені мен ұзындығының арақатынасы 1:2.

Қазақстанның Мемлекеттік туының көгілдір түсі - ашық аспанды, бейбітшілікті, игілікті білдірсе, түстің біркелкілігі еліміздің тұтастығын меңзейді. Күн байлық пен молшылықты, өмірді және күш-қуатты бейнелейді. Сондықтан елдің туындағы күн сәулелері дән терізді-өркендеу мен әл-ауқаттың символы. Күн астында қалықтаған бүкіл мемлекеттің қуат-былы, оның егемендігі мен тәуелсіздігі, биік мақсаттар мен жарқын болашаққа деген ұмтылысын танытады. Мемлекеттік тудың сабының тұсына тігінен ұзына бойына кескінделген ұлттық ою-өрнек - Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрін бейнелейді.

Егемен Қазақстанның Мемлекеттік Елтаңбасы 1992 жылы ресми түрде қабылданды. Оның авторлары - белгілі сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы шеңбер пішініне ие және көгілдір фонда шаңырақтың бейнесі болып табылады, одан ұяқтар күн сәулесі түрінде барлық жаққа тарайды. Шаңырақтың оң және сол жағында мифтік қанатты жылқылардың бейнелері орналасқан. Жоғарғы бөлігінде көлемді бас бұрышты жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «QAZAQSTAN» деген жазу орналасқан.

Республиканың Мемлекеттік Елтаңбасында шаңырақ бейнесі - елімізде тұратын барлық халықтар үшін ортақ үйдің және біртұтас Отанның символы. Қазақстанның тұрақты дамуы әрбір азаматтың әл-ауқатына байланысты, шаңырақтың беріктігі мен тұрақтылығы оның барлық ұяқтарының (тіректерінің) сенімділігіне байланысты.

Мемлекеттік Елтаңбадағы қанатты мифтік тұлпарлар негізгі геральдикалық элемент болып табылады. Қанаттар Қазақстанның көпұлтты халқының мықты және гүлденген мемлекет құру туралы сан ғасырлық арманын бейнелейді. Олар таза ойлар мен дәйекті жетілдіру мен жасампаз дамуға деген ұмтылыстың дәлелі. Жылқылардың алтын қанаттары да алтын құлақтарға ұқсайды



және қазақстандықтардың еңбекқорлығы мен елдің материалдық әл-ауқатын білдіреді.

Мемлекеттік Елтаңбада қолданылатын негізгі түс - байлықтың, әділеттіліктің және жомарттықтың символы ретінде қызмет ететін алтынның түсі. Тудың да түсі - аспан көк, ол алтынның түсімен үйлеседі және ашық аспанды, бейбітшілік пен әл-ауқатты бейнелейді.

Әнұран - мемлекеттің басты рәміздерінің бірі. Тәуелсіз Қазақстан тарихында елдің мемлекеттік әнұраны екі рет - 1992 және 2006 жылдары бекітілді. Елдің дыбыстық рәміздерін деріптеу мақсатында 2006 жылы жаңа Мемлекеттік Әнұран қабылданды. Оның негізі халық арасында танымал «Менің Қазақстаным» патриоттық әні болды. Оны 1956 жылы композитор Шәмші Қалдаяқов Жүмекен Нәжімеденовтің өлеңіне жазған.

Биыл Әнұран авторлары Жүмекен Нәжімеденов - 90 жасқа, Шәмші Қалдаяқов - 95 жасқа толады. Осыған орай, біздің ауданда бірқатар мерекелік іс-шаралар жоспарланған, олардың негізгілері: әдеби кеш, ұйымдастырушы - аудандық орталық кітапхана; музыкалық байқау, ұйымдастырушы - аудандық Мәдениет үйі.

Мемлекеттік рәміздер - бұл біздің ұлттық қазынамыз, ел тарихына, мемлекеттік тілге, мәдениеті мен дәстүрге деген терең құрмет көзі. Олар бізді Отан тағдырындағы ең маңызды сәттерге біріктіреді. Бізді әлемде анықтайтын елдің туы мен Елтаңбасы.

Құрметті мағжандықтар! Осы мереке күні Сіздерге амандық, бақыт, бейбітшілік пен жақсылық тілеймін! Біздің Отанымыз - Қазақстан Республикасы өркендей берсін, еліміздің Мемлекеттік туы бейбіт аспанда мәңгі қалықтап тұрсын!

Еліміз жаңа Қазақстанның құру жолында жаңа жеңістерге қол жеткізетініне сенімдімін!

Гүлжан ЖАНСҮГРОВА,
Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің
жанындағы мемлекеттік рәміздер
жөніндегі комиссияның
хатшысы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ – ЕГЕМЕНДІ ЕЛІМІЗДІҢ КҮШІ МЕН ДАҢҚЫ!

Мемлекеттік рәміздер - бұл кез-келген мемлекеттің өзіндік ерекшелігі мен егемендігін білдіретін ажырамас атрибуттарының бірі. Жыл сайын 4 маусымда Республикада мемлекеттік рәміздер күні атап өтіледі. Қазақстан Республикасында Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба және Мемлекеттік Әнұран Мемлекеттік рәміздер болып табылады.

Қазақстан - өз тарихы, мемлекеттік тілі, Конституциямен және өз астанасымен бекітілген рәміздері бар мемлекет. Біздің мемлекетіміздің рәміздері бұл оның егемендігі мен тәуелсіздігінің, халық пен билік бірлігінің сөзсіз дәлелі.

Әрбір азамат өзін өз елінің патриоты деп санаса, мемлекеттік рәміздерді білуге және құрметтеуге міндетті. Мемлекеттік атрибуттардың мазмұнын терең білу және түсіну, олардың мәніне ену және білу біздің мемлекетіміздің өмірінің осы маңызды элементтеріне деген қызығушылықты, құрмет пен мақтаншықты арттырады.

Азаматтарды, әсіресе өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеу үшін мемлекеттік рәміздердің ерекше маңыздылығын ескере отырып, біздің елімізде мемлекеттік рәміздерді пайдалануға көп көңіл бөлінеді. Осы саладағы заңнамалық реттеу «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заңның негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік рәміздерге қойылатын негізгі талаптар ҚР СТ 989-2014 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы. Техникалық шарттар», ҚР СТ 988-2007 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы. Жалпы техникалық шарттар».

Біздің республикамыздың әрбір азаматы мемлекеттік рәміздердің қалдай көрінісін білуі тиіс, ал мемлекеттік органдар ұлттық стандарттардың талаптарын және мемлекеттік рәміздерді қолдану мен орналастыру жөніндегі талаптарды сақтауға міндетті. Жас ұрпақ өз еліне деген патриоттық сезімді және мемлекеттік рәміздерді құрметтеуді бұрынғыдан да қажет етеді.

Ұлттық стандарттар талаптарын, сондай-ақ мемлекеттік рәміздерді қолдану мен орналастыру қағидаларын бұзу «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексында көзделген әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады.

Екатерина ПАРШИНА,
ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология комитетінің
СҚО бойынша департаментінің бас маманы –
СҚО мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі
мемлекеттік инспекторы.

Діні – ислам, өзі мұсылман қазақ жұртының айтулы ұлы мерекесі Құрбан айтқа да саналуы күндер қалды. Дін мен дәстүрін байланыстырған, шариғатқа сай амалын қарастырған халқымыз бұл мерекеді шалмасы келгенше құрбан шалып, айналасын айт мерекесімен құттықтап, қайырымды істер жасауды ниет қылады. Бұл мерекені ата-бабаларымыз ерекше құрметпен күтетін, таза киініп, туыс-туғанын аралап амандық біліп, айттап шығатын. Кешегі өткен ата-бабалардың айтулы мерекесін бүгін міне біз де ерекше күтетіз.

ҚҰРБАН АЙТ - ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ



Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Мекке қаласынан Медина қаласына қоныс аударғанда, Медина халқы екі күнді мереке ретінде тойлайтын болған. Сонда Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Шындығында Алла Тағала сендерге ол екі күннің орнына одан да жақсы болған екі күн берді. Оның бірі – Ораза айт, ал екіншісі – Құрбан айт мерекесі», - деген. Осы айтылған хадиске қарап Құрбан айт мерекесінің құндылығын сезінуге болады. Бұл ұлық мерекені ұлықтау үшін кезекті амалдарды орындау керек: Бірінші, арапа күні ораза ұстау. Арапа күні – Құрбан айттан бір күн бұрынғы күн. Алла Тағаладан өткен және келер жылғы күнәларын кешіруін үміт етілгені жақсы.

Екінші, құрбан айтта құрбандық шалу. Алла Тағала қасиетті Құранда: «Біз әрбір үммет үшін өздеріне берген

малдардан Алланың атын атап құрбан шалуды бекіттік», - деген. Құрбан тек айт намазынан кейін шалынады.

Үшінші, мұқтаж жандарға жәрдемдесу. Құрбандық шалудың да өзіндік хикметі бар. Мұсылман адамның тақуалығы, жомарттығы сынға түседі. Осы тұста құрбан шалған адам Алла ризалығын ниет етіп құрбандық етін мұқтаж жандарға таратқаны абзал. Құрбан етін үшке бөліп, бір бөлігін мұқтаж адамдарға, екінші бөлігін туған-туыс, көршілерге, ал үшінші бөлігін өз отбасына алып қалу керек.

Төртінші, шын қуану. Яғни мерекені сезіну, барлығын Алланың разылығына арнау.

Бесінші, төкбір-ташриқ айту. Әр парыз намазынан кейін айтады. Зұлхиджа айының 9-ы күнгі таң намазынан бастап, 13-күнгі екінші намазының соңына дейін жалғасады.

Құрметті мұсылман бауырлар, қадірменді жамағат! Қайырымдылыққа, игілікке құрылған мерекемен баршанызды құттықтаймын.

Ниетіміз түзу, шалған құрбандығымыз қабыл, амалымыз сауапты болғай.

Өткен, келер күнәларымыз кешірілгей. Денімізге саулық, елімізге амандық тілеймін.

Мухаммад АБДУЛЛА,
«Береке» аудандық орталық
мешітінің бас имамы.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫНДА АЙТ НАМАЗЫ САФАТ 06.00 ОҚЫЛАДЫ

ҚҰРБАН АЙТ НАМАЗЫНЫҢ КЕСТЕСІ		
№		
1	Астана қаласы	06:00
2	Алматы қаласы	06:00
3	Шымкент қаласы	06:00
4	Абай облысы	07:00
5	Ақмола облысы	06:00
6	Ақтөбе облысы	06:30
7	Алматы облысы	06:00
8	Атырау облысы	06:30
9	БҚО	06:30
10	Жамбыл облысы	06:00
11	Жетісу облысы	06:00
12	Қарағанды облысы	06:00
13	Қостанай облысы	06:30
14	Қызылорда облысы	06:00
15	Маңғыстау облысы	06:30
16	Павлодар облысы	06:30
17	СҚО	06:00
18	Түркістан облысы	06:00
19	Ұлытау облысы	06:00
20	ШҚО	07:00

QURBAN.MUFTYAT.KZ
2025



ҚҰРБАН ШАЛУ ТӘРТІБІ

Раббың үшін намаз оқы және құрбан шал!
(«Кәушар» сүресі, 2-аят)

ҚҰРБАН ШАЛУ ҮКІМІ

Шариғатпен мұсылман әркімі құрбан шалу – уәжібі (міндеті).

ҚҰРБАН ШАЛУ УАҚЫТЫ

Құрбан айт намазынан кейін басталып, айттың үшінші күні күн батыпала дейін жалғасады.

ҚҰРБАН ШАЛУ ӨКІЛДІГІ

Құрбан шалу үшін өзі қантасы атылып жатқанда орнына басқа бір адамға өкілдік бере алады.

Орындалу тәртібі



Малды өз жамбылмен жағатын ақсудан құйыпқа қарау



Құрбан шалуға ниет ету (яғни атыны немесе өткізіні атыны)



«Бисмиллаһ Аллаһу Акбар!» - деп айту

ЕСКЕРТПЕ:

Малды оңең, көңірөк және екі күре тамырын кесу
Малдың қаны толық ағып болғанша және жылы пышақпен кесу

ҚҰРБАН ШАЛУҒА ЖАРАМДЫ МАЛДАР

ҚҰРБАН ШАЛУ ШАРТТАРЫ

- Мұсылман болу
- Балиғат жасына толу
- Бай болу

Неше адамның АТЫНАН ШАЛЫНАДЫ

- 5 жастағы асқан түйені екі немесе 7 адамға дейін бірігіп шалады
- 2 жастағы асқан ірі қара малды екі немесе 7 адамға дейін бірігіп шалады
- 1 жастағы асқан қойды бір адам шалады



ҚҰРБАНДЫҚҚА ЖАРАМАЙТЫН МАЛДАР

- Бір немесе екі ағзасы соқар
- Жүре алмайтын асқан
- Тыссыз қой
- Бір немесе екі мүйіз түбінен сылған
- Құйрығы мен құлағынан үлкен бір бөлігін қойып кесілген
- Лас көрсеткен
- Тым арық болу

ҚҰРБАНДЫҚ ЕТІН ҮЛЕСІТІРУ



- 1/3 өтіне, отбасына
- 1/3 туған-туыс, көршілеріне
- 1/3 кедей және мұқтаждарға

Тыйым салынады!

- Малдың бас-сырғаны, терісін және етін сату
- Малды артық күйу
- Малдың көгініне пышақ қайру
- Өтпейтін пышақпен бауыздау

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАМРАСЫ



МАЛ СОЯТЫН ҚАСАПШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- МАЛДЫ АҚЫЛ-ЕСІ ТҮЗУ, БАЛИҒАТ ЖАСЫНА ЖЕТКЕН АДАМ БАУЫЗДАУ
- МАЛДЫҒА ЖҮЗІН ҚҰБЫЛАҒА ҚАРАТА ЖАТҚЫЗУ КЕРЕК
- МАЛДЫ СОЯРДА «БИСМИЛЛАХ, АЛЛАХУ АКБАР» ДЕП АЙТУ КЕРЕК
- МАЛДЫ БІР ТАРТҚАННАН БАУЫЗДАУ КЕРЕК
- ПЫШАҚТЫҢ ӨТКІР БОЛҒАНЫ ДҰРЫС
- ПЫШАҚПЕН ҚАСЫНДАҒЫ ЖАНДАРҒА ЗИЯН ТИГІЗБЕУ
- МАЛДЫ ЖАТҚЫЗУ, БІРАҚ, ЖҮНІНЕН ТАРТЫП ҚОРЛАМАУ
- АРНАЙЫ ҚАСАПШЫНЫҢ КИІМІН КИЮ
- ҚАСАПШЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖАҚСЫ БОЛУЫ ТИІС (ФЛЮРОГРАФИЯ БОЛУЫ)




Дүйсенбі, 9 маусым	Сейсенбі, 10 маусым	Сәрсенбі, 11 маусым	Бейсенбі, 12 маусым	Жұма, 13 маусым	Сенбі, 14 маусым	Жексенбі, 15 маусым
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАҢ. 06.05 ІНЖУ-МАРЖАН. 07.00 «ТАՇՆՈԼՐԱՆ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00. 01.20 АҚПАРАТ. 10.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 13.10, 04.25 «100 САРБАЗ». 14.20, 00.10 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 15.10 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ». 16.10 ГАУҒАРТАС. 17.20 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 01.50 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.15 1001 ТҮН. 23.15 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 02.40 САНА. 03.40 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.	06.00 ӘНУРАҢ. 06.05, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.20 АҚПАРАТ. 06.35 «ІНЖУ-МАРЖАН». 07.00 «ТАՇՆՈԼՐԱՆ». 10.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 13.10, 03.40 «100 САРБАЗ». 14.20, 00.10 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 15.10 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ». 16.10 ГАУҒАРТАС. 17.20 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 01.50 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.15 1001 ТҮН. 23.15 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 02.40 САНА. 04.40 ЕҢ ДӘМДІ.	06.00 ӘНУРАҢ. 06.05, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.20 АҚПАРАТ. 06.35 «ІНЖУ-МАРЖАН». 07.00 «ТАՇՆՈԼՐԱՆ». 10.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 13.10, 03.40 «100 САРБАЗ». 14.20, 00.10 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 15.10 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ». 16.10 ГАУҒАРТАС. 17.20 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 01.50 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.15 1001 ТҮН. 23.15 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 02.40 САНА. 04.40 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.	06.00 ӘНУРАҢ. 06.05, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.20 АҚПАРАТ. 06.35 «ІНЖУ-МАРЖАН». 07.00 «ТАՇՆՈԼՐԱՆ». 10.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 13.10, 03.40 «100 САРБАЗ». 14.20, 00.10 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 15.10 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ». 16.10 ГАУҒАРТАС. 17.20 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 01.50 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.15 1001 ТҮН. 23.15 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 02.40 САНА. 04.40 ЕҢ ДӘМДІ.	06.00 ӘНУРАҢ. 06.05, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.50 АҚПАРАТ. 06.35 «ІНЖУ-МАРЖАН». 07.00 «ТАՇՆՈԼՐԱՆ». 10.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 13.10, 04.10 «100 САРБАЗ». 14.20, 00.40 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 15.10 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ». 16.10 ГАУҒАРТАС. 17.20 Д/Ф. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 02.25 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.15 БЕУ. 23.15 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.05 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 03.10 САНА. 05.10 ЕҢБЕК АДАМЫ.	06.00 ӘНУРАҢ. 06.05 ІНЖУ-МАРЖАН. 06.45, 03.35 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 08.00 «ТАՇՆՈԼՐԱՆ». 10.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 14.00 КОНЦЕРТ. 13.30, 02.25 ЕҢБЕК АДАМЫ. 16.10, 02.50 ЕҢ ДӘМДІ. 17.00, 00.00 АҚПАРАТ. 17.20, 00.25 ҚОС ПАЛАТА. 17.40, 00.45 ӨЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00 ЗАМАНДАСТАР. 21.10 «ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҰП». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.20 «БІЗДІҢ ДӨРІГЕР». Х/Ф. 01.05 Д/Ф. 01.50 ТЕЛЕДӨРІГЕР.	06.00 ӘНУРАҢ. 06.05 «ІНЖУ-МАРЖАН». 06.25 М/Ф. 07.15 М/Ф «ҮШ МАРҒАУ». 08.05, 03.30 КОНЦЕРТ. 09.20 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 10.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 16.00 КОНЦЕРТ. 13.40, 02.20 ӨКЕ. 14.10, 22.15 Т/Х «БІЗДІҢ ДӨРІГЕР». 17.10 ӘЗІЛ-ӨЛЕМ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00, 01.15 АПТА. 20.45, 02.00 МУДДЕ. 20.50, 02.05 АКОРДА. 21.00, 22.20 «ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҰП». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 00.00 ЗАМАНДАСТАР. 02.45 Д/Ф. 04.30 КҮМІС КОМЕЙ.

Дүйсенбі, 9 маусым	Сейсенбі, 10 маусым	Сәрсенбі, 11 маусым	Бейсенбі, 12 маусым	Жұма, 13 маусым	Сенбі, 14 маусым	Жексенбі, 15 маусым
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІР. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 PRESIDENT. 12.15 ӘЛЕУМЕТ. 12.30 ОЙНАҚ. 13.30 Т/Х «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.30 Т/Х «У КАЖДОГО СВОЯ ЛОЖЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «АРМАНДАСТАР». 22.30 KEPIPEC. 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІР. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 КӨЗКАРАС. 12.30, 19.00 Т/Х «АРМАНДАСТАР». 13.30 Т/Х «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.30 Т/Х «У КАЖДОГО СВОЯ ЛОЖЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.30 KEPIPEC. 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІР. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 ТҮРЛІ ДҮМ. 12.30, 19.00 Т/Х «АРМАНДА- СТАР». 13.30 Т/Х «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.30 Т/Х «У КАЖДОГО СВОЯ ЛОЖЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.30 KEPIPEC. 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІР. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 КӨЗКАРАС. 12.30, 19.00 Т/Х «АРМАНДАСТАР». 13.30 Т/Х «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.30 Т/Х «У КАЖДОГО СВОЯ ЛОЖЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.30 KEPIPEC. 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІР. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 НЕОСЕТЬ. 11.50 ДӨСТҮР. 12.30, 19.00 Т/Х «ДЕТЕКТИВ ӨЖЕ». 13.30 Т/Х «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.30 Т/Х «У КАЖДОГО СВОЯ ЛОЖЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 АЛҒАШҚЫ. 22.30 ОЙНАҚ. 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЖЕПІ QAZYNA. 07.00 КОНЦЕРТ. 09.30 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 10.00 М/Ф. 11.30 М/Ф «ФИШ И ЧИПС». 12.00 «ДРУЗЬЯ НА СВОЮ ГОЛОВУ», Х/Ф. 14.00 «ХИ ФАСЫР КОШБАСШЫСЫ». 15.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.15 «ЖАР-ЖАР», Х/Ф. 18.00 7 КҮН. 18.45 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 19.00 КЕШ ЖАРЫҚ! 21.00 «МОЙ ХАТИКО». Х/Ф. 23.00 «ДАСТИП ФАНАСТИП», Х/Ф. 00.30 ӨКЕ БАҚЫТЫ. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЖЕПІ QAZYNA. 07.00 КОНЦЕРТ. 09.00 Д/Ф. 09.30 М/Ф. 10.30 М/Ф «СОЮЗ ЗВЕРЕЙ: СПАСЕНИЕ ДУШОГИХ». 12.00 «МОЙ ХАТИКО», Х/Ф. 14.00 АЗМАТ. 15.15 КЕШ-ЖАРЫҚ. 16.30 «ДАСТИП ФАНАСТИП», Х/Ф. 18.00 7 КҮН. 18.45 НАЗОРНЫЙ КОНТРОЛЬ. 19.00 АЛҒАШҚЫ. 20.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 «ДРУЗЬЯ НА СВОЮ ГОЛОВУ», Д/Ф. 23.00 «ЖАР-ЖАР», Х/Ф. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 9 маусым	Сейсенбі, 10 маусым	Сәрсенбі, 11 маусым	Бейсенбі, 12 маусым	Жұма, 13 маусым	Сенбі, 14 маусым	Жексенбі, 15 маусым
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00, 02.30 П@УТИНА. 07.15, 03.50 ТОЙ БАЗАР. 08.10, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 09.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.00 Т/С «РЕЦЕПТ ЛЮБВИ». 14.00, 01.50 НОВОСТИ. 14.15, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЧИНГАЧУК». 00.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.30 П@УТИНА. 07.15, 03.50 ТОЙ БАЗАР. 08.10, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 09.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 10.55 Т/С «С КЕМ ПОВЕ- ДЕШЬСЯ...». 12.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.50 НОВОСТИ. 14.15, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЧИНГАЧУК». 00.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.30 П@УТИНА. 07.15, 03.50 ТОЙ БАЗАР. 08.10, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 09.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 10.55 Т/С «С КЕМ ПОВЕ- ДЕШЬСЯ...». 12.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.50 НОВОСТИ. 14.15, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЧИНГАЧУК». 00.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.30 П@УТИНА. 07.15, 03.50 ТОЙ БАЗАР. 08.10, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 09.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 10.55 Т/С «С КЕМ ПОВЕ- ДЕШЬСЯ...». 12.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.50 НОВОСТИ. 14.15, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЧИНГАЧУК». 00.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.55 П@УТИНА. 07.15 ТОЙ БАЗАР. 08.10, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 09.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 10.55 Т/С «С КЕМ ПОВЕ- ДЕШЬСЯ...». 12.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 02.15 НОВОСТИ. 14.15, 02.35 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.40 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE». 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 «ЧИНГАЧУК», Х/Ф.	06.00, 03.40 ТОЙ БАЗАР. 07.50, 02.50 «П@УТИНА». 09.40 ҚАЙМАҚ 10.15 Т/С «ДЕЛА ЖИТЕЙСКИЕ-3». 14.05 «ПУАНТЫ ДЛЯ ПЛЮШКИ», Х/Ф. 18.00 ПЕРЕПОЙ ЗВЕЗДУ. 20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.30 ЗАМ МЕН ЕЛ. 20.55 «ЖЕНЫ НА ТРОПЕ ВОЙНЫ», Х/Ф. 00.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.25 ТОЙ БАЗАР. 07.30, 02.35 «П@УТИНА». 09.15 ВОСКРЕСНИЕ БЕСЕДЫ. 09.30 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 10.15 «ДЕЛА ЖИТЕЙ- СКИЕ-4», Х/Ф. 14.05 Т/С «ЖЕНЫ НА ТРОПЕ ВОЙНЫ». 18.00 «МАЛЫШКИ- ДЕВОЧКИ», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 Т/С «СВОДНАЯ». 00.40 ЧТО? ГДЕ? КОГДА?

- Бойынды қалай таза ұстаң, Жүректі солай таза ұстау керек.
- Ақылды адам ертеңгі күнін ойлайды. Ақылсыз адам бүгіндікпен ойнайды.
- Білімді болсаң биікке өсерсің, Білімсіз болсаң төменге түсерсің.



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ СПАРТАКИАДА

АУДАН ҚҰРАМАСЫ - ЖАРЫС ЖЕҢІМПАЗЫ



Облыстың барлық аудандарынан және түрлі мемлекеттік органдардан келген 500-ден астам қызметкер волейбол, шағын футбол, үстел теннисі, шахмат, қазақ күресі, тоғызқұмалақ және жүзу сияқты спорттың 7 түрі бойынша өзара сайысқа түсті.

Мәселен, облыстық жарыста мағжандық мемлекеттік қызметшілер үздік нәтиже көрсетіп, жалпыкомандалық

29-31 мамыр аралығында Петропавл қаласында Солтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік қызметшілері арасында дәстүрге айналған спартакиада өтіп, оған Мағжан Жұмабаев ауданының қызметкерлері де қатысты. Бұл іс-шара – спортты, командалық бірлікті және салауатты өмір салтын дәріптейтін үлкен мереке.

есепте бірінші орынды жеңіп алды.

Атап айтқанда, Мағжан Жұмабаев ауданы құрама командасы – волейбол жарысында чемпион атанса, шағын

футбол, қазақ күресі және жүзу додаларында күміс медаль иегерлері атанып, үстел теннисінен қола медальды місе тұтты.

Аудан намысын абыроймен қорғап, жеңіске деген ерік-жігерін танытқан барша мағжандық қызметкерлерді лайықты өнер көрсетуімен құттықтап, жеңімпаздар мен жүлдегерлерге спорттық жетістіктер мен сәттілік тілейміз!

Қанат МҰСАТАЕВ,
дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.

АУДАНДЫҚ БАЙҚАУ

«Абай сөзі - ғасырлар мұрасы»



Маусым айының 3-ші жұлдызында аудандық Мәдениет үйінің сахнасында аудан кітапханаларының оқырмандары арасында «Абай сөзі - ғасырлар мұрасы» атты аудандық байқау өтті.

Іс-шараны «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ әдістемелік бөлімі ұйымдастырып, ауылдық және қалалық кітапханалардан 26 қатысушы бағын сынады.

Байқаудың мақсаты - Абай Құнанбаевтың әдеби мұрасын жасөспірімдер арасында насихаттау, отансүйгіштік сезімін, қазақ әдебиетіне, философиясы мен мәдениетіне деген қызығушылығын қалыптастыру. Байқау өскелең ұрпақтың

эстетикалық және рухани-адамгершілік тәрбиесіне, жас оқырмандарды кітапханаға тартуға және дарынды орындаушыларды анықтауға ықпал етті.

Сахнада қазақтың ұлы ойшылы мен ақыны: «Көзімнің қарасы», «Әсемпаз болма әр неге», «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы», «Ғылым таппай мақтанба», «Желсіз түнде жарық ай», «Жаз», «Күз», «Қара сөздері» және тыңдаушылардың жүрегіне жарқын із қалдырған басқа да көптеген шығармалар орындалды.

Нақышына келтіріп орындаған қатысушылардың өнерін әділ қазылар алқасы бағалады. Әрине, олардың алдында талантты оқырмандар арасынан үздіктерді таңдау сияқты қиын міндет тұрды. Бірақ байқау қорытындысы бойынша жүлделі орындар мен номинация жеңімпаздары анықталды:

1 орын – «Қара сөздерден» үзінділерді жанды орындағаны үшін Зарина Нұрланова (Қарақоға ауылдық кітапханасы). Оның өнері - Абайдың философиялық

ойларын терең түсіндірумен, мәтінді қабылдаудың жетілуімен және эмоционалды экспрессивтілігімен ерекшеленді.

2 орын - Қарағизов Ілияс (Бинау ауылдық кітапханасы). Ілияс орындаушылық шеберліктің жоғары деңгейін бірінші рет көрсетіп отырған жоқ: ол екі жыл бұрын Мағжан Жұмабаевтың 130-жылдығына арналған байқаудың жүлдегері атанған болатын. Сондықтан оның бұл күнгі қойылымы - өнерін үнемі жетілдіріп, әдеби талғамды дамытып келе жатқанын растады.

3 орын - Никитова Лилия (Совет ауылдық кітапханасы). Мәтінді жақсы білу, сауатты ұсыну, нақты дикция және шын жүректен оқу оның өнерін марапатқа лайықты етті.

Байқау соңында қатысушыларға арнайы номинациялар да табысталды:

«Ең жас қатысушы» - Гихаев Даниил (Пулеметовка а/к);
«Көрермен таңдауы» - Биро Анастасия (Бөйтерек а/к);
«Ең іздемпаз үміткер» - Артюхова Дарья (Надежка а/к);
«Ұлттық мәдениетті сақтау» - Бледных Вера (Ұзынкөл а/к).

Байқау Абай Құнанбаевтың әдеби мұрасы жас ұрпақты шабыттандыратынын дәлелдеп, сөз өнерінің нағыз мерекесіне айналды. Барлық қатысушылар поэзияға деген сүйіспеншілігін, мәдениетке деген құрметін және рухани өсуге деген ұмтылысын паш етті.

Абай сөзі шын мәнінде ғасырлар мұрасына айналып отыр.

Сандұғаш БЕКИШЕВА,
аудандық орталықтандырылған кітапхана директорының міндетін атқарушы.

Директор - бас редактор

Неми ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі:

«Астана-Вест» ЖШС

Ресмишінің мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Бұлаев қаласы, Батыр Баия көшесі, 13 үй.

Тел: 2-17-49.

Баспадан шыққан 65360

e-mail: magzhan.zhuldiizi@yandex.kz

Газет аптасына

1 рет бейсенбі күні

шығады

«Magzhan zhuldiizi» газеті

редакцияда терісін беттелді.

«Северный Казахстан»

баспаханасында басылды.

(Петропавл к.с. Кошукон к-сі, 5 үй).

Тарамағы - 570

Газет аудан әкімінің, аудандық

мәдениет және спорт арқылы

мемлекеттік жарнама қызметі

жүргізуі ретінде баспадан

табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады